



разработана система заданий, направленных на повышение познавательной активности детей путем интеграции словесных, наглядных и практических (игровых) методов с организационными, техническими и логическими приемами. Результаты экспериментальной работы показали, что целенаправленное и систематическое использование национальных игр способствует концентрации внимания, развитию памяти, формированию логического мышления и совершенствованию навыков социального взаимодействия у детей.

Результаты исследования подтверждают, что внедрение казахских национальных игр в содержание дошкольного образования способствует всестороннему развитию детей, а также формированию у них культурно-духовных ценностей и знакомству с национальными традициями. Предложенная методика может эффективно использоваться в образовательном процессе дошкольных организаций.

**Ключевые слова:** казахские национальные игры, метанавыки, дошкольники, познавательное развитие, социальные навыки, движение.

Omarbekova F.,<sup>1</sup> \* Ortayev B.,<sup>2</sup>  Alimbekova S.,<sup>2</sup>  Nakesheva S.<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

<sup>3</sup>K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

## METHODOLOGY FOR THE DEVELOPMENT OF META-SKILLS OF CHILDREN AGED 4-5 YEARS THROUGH KAZAKH NATIONAL GAMES

### Abstract

The article examines the development of meta-skills in children aged 4-5 through the use of Kazakh national games as a pedagogical tool. In the modern system of preschool education, the formation of universal skills that ensure the cognitive, social, and personal development of a child is considered one of the most important tasks. In this context, the educational and developmental potential of national games is viewed as an important pedagogical resource for fostering children's meta-skills within the educational process. The study analyzes the scientific content of the concept of meta-skills and identifies the specific features of their development in early childhood. Particular attention is given to the potential of Kazakh national games, especially the traditional asyk game, in developing key meta-skills such as sustained attention, memory, logical thinking, and social interaction among children.

Within the framework of the study, a system of methodological approaches based on the use of national games was proposed, and the integration of teaching methods and methodological techniques was demonstrated. In particular, a set of tasks aimed at enhancing children's cognitive activity was developed through the integration of verbal, visual, and practical (game-based) methods combined with organizational, technical, and logical techniques. The results of the experimental work showed that the purposeful and systematic use of national games effectively contributes to the development of children's attention, memory, logical thinking, and social interaction skills.

The findings of the study demonstrate that incorporating Kazakh national games into preschool education contributes to the holistic development of children and supports their acquaintance with cultural and spiritual values as well as national traditions. The proposed methodology can be effectively applied in the educational process of preschool institutions.

**Keywords:** Kazakh national games, meta-games, preschoolers, cognitive development, social skills, movement.

**Кіріспе.** Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың тек қана іскерліктерін, дағдыларын ғана емес, сонымен қатар олардың метадағдыларын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Метадағдылар - адамның болашақта табысты өмір сүруіне, жаңа жағдайларға бейімделуіне және түрлі қиындықтарды еңсеруіне мүмкіндік беретін әмбебап қабілеттер жиынтығын. Олар зейін шоғырландыру, мәселені шеше білу, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық әрекет ету, өзін-өзі реттеу және қарым-қатынас жасау дағдыларын қамтиды.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуінің аса маңызды кезеңі. 4-5 жас аралығындағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері олардың танымдық белсенділігінің жоғары болауымен, қиялының дамуы және еліктеу қабілетінің күшеюімен сипатталады. Бұл жастағы ойын – жетекші іс-әрекет түрі ретінде негізгі рөл атқарады. Сондықтан ойын арқылы баланың интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоциялық және қимыл-қозғалыс салаларын дамыту – педагогикалық тәжірибеде тиімді әдіс болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ойындары – ұрпақ тәжірибесінің көне әрі тиімді құралы. Олар балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, ұлттық дәстүрлерді сіңіріп, қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы балалардың танымдық қызығушылығын

оятып, олардың метадағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік туады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ ұлттық ойындарын қолдану арқылы 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Метадағдылар ұғымына ғылыми талдау жасау және олардың мектепке дейінгі кезеңдегі маңызын анықтау;

2. Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін зерделеу;

3. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшелігіне сай қолданудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну;

4. Эксперименттік жұмыс негізінде ұлттық ойындардың балалар метадағдыларына ықпалын бағалау.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған зерттеу материалдары мектепке дейінгі балалардың тұлғалық дамуы мен метадағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәжірибені жетілдіруге үлес қосатынын көрсетеді.

*Негізгі ережелер.* Зерттеу тақырыбы аясында төмендегідей негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

- метадағдылар – баланың өмір тәжірибесінде әртүрлі жағдайларда қолданылатын әмбебап қабілеттер жиынтығы. Оларға зейінді шоғырларындыру, ойлау операцияларын жүзеге асыру, мәселені шешу, өзін-өзі реттеу, топпен әрекет ету және қарым-қатынас жасау дағдылары жатады [1];

- қазақтың ұлттық ойындары - халықтың тарихи-мәдени тәжірибесінен туындаған, балалардың танымдық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дамуына бағытталған дәстүрлі ойын түрлері. Олар баланың дүниетанымын кеңейтеді, шығармашылық қабілетін дамытады және ұлттық құндылықтарға баулиды [2];

- мектепке дейінгі балалар (4-5 жас) – тұлғалық дамудың ерте кезеңіндегі жас ерекшелігіне тән топ. Бұл жастағы балалардың зейіні тұрақсыз, есте сақтау қабілеті қабылдаумен тығыз байланысты, ал қиялы белсенді дамиды. Осы кезеңде ойын – жетекші әрекет түрі болып саналады [3];

- әдіс – ақыл-ойдың қызметі; ой әрекетінің дене әрекетімен ұштасуы; мақсатқа сәйкес нәтижеге жетудегі амал-әрекеттер;

- әдістеме – зерттеу мақсаттарына сәйкес балалардың метадағдыларын дамыту үшін ұлттық ойындарды ұйымдастырудың ғылыми негізделген тәсілдері мен педагогикалық құралдарының жүйесі;

- әдістемелік тәсілдер – педагогика мен психологияда қолданылатын ұғым және ол оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын амалдар мен жолдардың жүйесін білдіреді;

- танымдық даму – балалардың ойлау, есте сақтау, зейін, қиял сияқты психикалық процестерінің жетілуін сипаттайтын педагогикалық-психологиялық ұғым;

- әлеуметтік-эмоциялық даму – баланың өз сезімдерін түсінуі, реттей алуы, басқа адамдармен ынтымақтаса әрекет етуі және қарым-қатынас орната білу қабілеттері;

- қимыл-қозғалыс дағдылары – баланың ірі және ұсақ моторикасын қамтитын, дене қимылдарын үйлестіру және басқару қабілеті.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмысы 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуға бағытталған қазақтың ұлттық ойындарын қолданудың әдістемелік негіздерін айқындауға арналған. Бұл мақсатқа жету үшін кешенді зерттеу әдістері пайдаланылды.

*Зерттеу әдістері.* Зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында төмендегідей әдістер кешені қолданылды:

- теориялық әдістер – педагогикалық, психологиялық және этнопедагогикалық әдебиеттерді зерделеу, талдау, метадағдылардың теориялық негізін анықтау, ұлттық ойындардың мүмкіндіктерін айқындау;

- эмпирикалық әдістер – балалардың ойын әрекетін педагогикалық бақылау, тәрбиешілермен әңгімелесу, сауалнама жүргізу;
- эксперименттік әдіс - қалыптастырушы эксперимент жүргізу арқылы ұлттық ойындардың балалардың метадағдыларын дамытуға ықпалын тәжірибелік тұрғыда тексеру;
- математикалық-статистикалық әдістер – алынған нәтижелерді сандық тұрғыдан өңдеу және сапалық тұрғыдан талдау.

«Метадағды» ұғымы туралы көптеген зерттеулер мен еңбектерде қарастырылған және аталған ұғымды түсіндірулерді кездестіруге болады. Мәселен, «Мета» түбірі («үшін», «арқылы», «жоғарыда» дегенді білдіреді) белгілі бір жүйені сипаттайтын немесе оны зерттеуге бағытталған басқа да жүйеге қатысты қолданылады [4]. Ал «метадағды» алғаш рет америкалық психотерапевт Эми Минделл ұсынған және айналымға енгізген. Ол «Психотерапия как духовная практика» деген еңбегінде [5]: «Мен «метадағдыларды» терминін адам санасының артуын және сезімдерді саналы түрде қолдану мүмкіндігін білдіру үшін таңдадым. Метадағдыларды су бетіндегі айдың шығылысуына ұқсатуға болады: олар қарапайым әдістерге жаңа тыныс береді және біздің ең терең сенімдеріміз бен құндылықтарымызға сүйеніш боледі. Техникалық іскерліктер метадағдылармен үйлескенде, терапевт жұмысына оның ең негізгі нанымдары мен өмірлік қағидалары табиғи түрде енеді» - деп жазады.

Демек, метадағдылардың негізінде басқа барлық басқа дағдылардың деңгейлері дамиды. Мысалы, уақытта басқару (тайм-менеджмент) - жұмсақ дағдылардың (soft skills) қатарына жатады. Ол уақытты және энергияны тиімді жоспарлай білу қабілетін қамтиды. Ал, сыртқы факторларға икемді түрде жауап беру және белгіленген жоспарды қайта бейімдеу – метакомпетенция болып саналады. Мұндай құзыреттердің дамуы үшін бейімделгіштік пен зейінділік сияқты қасиеттер қажет етіледі.

Интернет желісіндегі материалдарды зерделеу (Коучинг институты, М.Данилов, т.б.) метадағдылардың төмендегідей түрлерін атап көрсетеді: саналылық, өзгенің күйін сезіне білу, пайымдағы әділдік, ойлау мен мінез-құлықтың бейімделгіштігі, шығармашылық қабілет, тұтастыққа негізделген ойлау, айыммашылықтарға төзімділік, назар қоя білу, шынайылық пен өзіндік болмысты көрсете білу.

Л.П. Даниленко мектеп оқушыларына қатысты метадағдылардың төмендегідей түрлерін топтарға ажыратып атап көрсетеді [6]:

- 1-топ. Жалпыоқу (пәнаралық) дағдылар;
- 2-топ. Өзіндік шешім қабылдау дағдылары;
- 3-топ. Топпен жұмыс істеу дағдылары;
- 4-топ. Компьютерлік сауаттылық;
- 5-топ. Жауапкершілік және өзгенің пікірін құрметтеу.

Демек, әмбебап метадағдылардың ерекшелігі олардың барлық пәндерден жоғары тұратындығында және әрбір пәнде жеке көрініс табуында. Олар пән бойынша оқушылардың оқу жұмыстарын орындау барысында өндірілетінін көруге болады. Сондықтанда метақұзыреттер мен метадағдыларды дамыту білім алушының, балалардың табысты оқуына, оқу жұмыстарын, ұйымдастырылған оқу әрекетін орындауына алғышарт болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың метадағдыларына қатысты зерттеулерді Л.Выготскийдің [7], Пиаже Ж. [8], Р. Селман [9], т.б. ғалымдар қарастырғандығын көруге болады. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі метадағдыларға қатысты идеяларды атап көрсетуге болады: балалардың ойлау қабілеттерінің дамуы әлеуметтік орта мен тіл арқылы жүреді; дағдылар баланың өз танымын басқау қабілеті ретінде қарастырылады; балалардың когнитивті дамуы кезіндік сипатқа ие, дағдылар - жоғары деңгейлі ойлау функцияларының негізі; әлеуметтік дағдыларды дамыту - эмоцияларды түсіну және басқалармен өзара әрекеттесуді үйрену, т.б.

Жоғарыдағы және басқа да ғылымдардың метадағдылар бойынша жазған еңбектерін зерделеу негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың метадағдыларының ерекшеліктері болуы керектігін айқындадық. Зерттеу жұмысымызға сәйкес қазақтық ұлттық ойындары, оның ішінде

асық ойыны бойынша 4-5 жастағы балалардың метадағдыларының төмендегідей түрлерін алу оңтайлы болып табылады, олар: коммуникативтік дағды; креативтік ойлау; проблеманы шешу дағдысы; ақпараттық дағды; әлеуметтік-эмоциялық дағдылар; зейін тұрақтылығы; есте сақтауы; логикалық ойлауы; әлеуметтік өзара әрекеттестік.

Зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі - қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік және дамытушылық мәнін анықтау. Халқымыздың ұлттық ойындары және олардың әлеуметі туралы көптеген ғалымдар, ізденушілер өздерінің еңбектерінде жазған және бірқатар диссертациялық жұмыстар да орындалған. Мәселен, Е.Сағындықов өзінің «Қазақтың ұлттық ойындары» [10] еңбегінде балалардың ұлттық ойындары арқылы зейінін, моторикасын және әлеуметтік дағдыларын дамыту жолдарын қарастырады. Дағдыларды дамыту тұрғысынан ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызын ашады.

С.Қалиев «Халық педагогикасының негіздері» [11] деп аталатын еңбегінде: қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен ойындарының балаларды тәрбиелеу мен дағдыларды дамытуға рөлі туралы мазмұндайды және баланың танымдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар береді.

Қ.Қ. Құланованың авторлық бірлестіктегі «Ұлттық ойындарды оқу үдерісінде қолдануға арналған – әдістемелік құрал» атты оқу-әдістемелік құралда [12] ұлттық спорт түрлері мен спорт ойындарының білім алушылардың күнделікті тіршілігінде алатын орны, тәрбиелу маңызы туралы айтылады және ұлттық ойындардың ережелері мен қолдану әдістері мазмұндалады.

Осы бағыттағы және мазмұндағы еңбектерді көбірек келтіре беруге болады. Мәселен, К.Т. Какашев «Қазақ ұлттық ойыны асықтан жарыс өткізу және ұйымдастыру» тақырыбындағы әдістемелік құралында [13]: қазақтың ұлттық асық ойыны туралы түсінік пен оның ережелерін сипаттайды.

Асық ойынының тарихи-мәдени маңызы туралы әрбір ойыншы білгені абзал. Асық – қазақ халқының ең көне ұлттық ойындарының бірі, балалардың ой-өрісі мен дене қимылдарын дамытуда ерекше рөл атқарады. Этнографтардың пікірінше, асық ойыны тек қана көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге ұрпақ тәрбиесінде халықтық педагогиканың маңызды бөлігі болып саналады [14].

Қазақтың ұлттық ойындарының ішінен мектепке дейінгі мекемелердің жоғары буын балалардың жас ерекшелігіне сәйкес «Ақ серек, көк серек», «Соқыртеке», «Санамак», «Арқан тарту», «Қуыр-қуыр, қуырмаш» және «Асық ойыны» сияқты ұлттық ойындар тандап алынуға болады. Бұл ойындар метадағдылардың әртүрлі қырларын дамытуға бағытталды, оларды атап айтқанда:

- танымдық (зейін, ойлау, есте сақтау);
- әлеуметтік-эмоциялық (ынтымақтастық, қарым-қатынас, өзін-өзі реттеу);
- қимыл-қозғалыс (қол-аяқ үйлесімділігі, моторика).

Осылайша, зерттеу әдістері мен материалдары балалардың метадағдыларын дамытудағы ұлттық ойындардың ықпалын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындарды ішінде мектепке дейінгі 4-5 жастағы балалар үшін асық ойнаудың мүмкіндіктері мол деп қарастырылады. Этнопедагогикалық және психологиялық-педагогикалық зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, асықтың тәрбиелік, дамытушылық және мәдени қырларын ашып көрсетуге болады. Асыққа қатысты төмендегідей етіп ажыратып айтуға болады:

*Метадағдыларды дамытудағы рөлі.* Асық ойыны балалардың зейінін шоғырландыруға, ұсақ моторикасын жетілдіруге, қозғалыс үйлесімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ойын барысында балалар ережені сақтауды, әділдік пен тәртіпті ұстануды үйренеді және бұл әлеуметтік-эмоциялық метадағдыларды қалыптастырады [9, 120б.].

*Әдістемелік тұрғыдан қолдану.* 4-5 жастағы балалар үшін асық ойыны жеңілдетілген нұсқада өткізіледі. Мысалы, асықты алысқа иіру емес, белгілі бір шеңбер ішіне дәл түсіру немесе боялған асықтарды ажырату арқылы ойнау. Аталған бұл әдістер балалардың ойлау, түстерді ажырату, сандық ұғымдарды меңгеру сияқты танымдық қабілеттерін дамытады [11, – 85–90 бб.].

«Мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйрету» тақырыбындағы балабақшаға арналған толық әдістемелік жинақта [16]: асықтың нақты түрлері бойынша технологиялық карталар бар әрқайсысы сабақ мақсаты, құрал-жабдық, кезеңдер және балалар әрекетімен рәсімделген. Оның ішінде атап көрсетілгендері:

- «Құмар» асық ойыны - 11-бет (Технологиялық карта №5);
- «Омпы» асық ойыны – 13-15-беттер (Тех. карта №6);
- «Асықты тігіп ойнау» - 15-17-беттер (Тех. карта №7);
- «Алшы» - 17-20-беттер (Тех. карта №8);
- «Тәйке» - 20-21-беттер (Тех. карта №9);
- «Бүге» - 21-23-беттер (Тех. карта №10);
- «Шіге» - 23-25-беттер (Тех. карта №11);
- «Тас қала» - 25-26-беттер (Тех. карта №12);
- «Ханталапай және иірімі» - 27-29-беттер (Тех. карта №13);
- «Хан алшы» - 29-32-беттер (Тех. карта №14);
- «Қақпақыл» - 33-35-беттер (Тех. карта №16);
- «Шеңбер (асықпен)» - 35-37-беттер (Тех. карта №17).

Бұл жинақ мектепке дейінгі топтарда асық ойындарын қалай өткізу керегін толық әрі практикалық түрде береді (мақсат, құралдар, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдер, күтілетін нәтиже).

Асық ойыны жоғарыда айтып өткендей қазақ халқының көне ұлттық ойындарының бірі, балалардың қимыл-қозғалысын жетілдірумен қатар, танымдық және әлеуметтік-эмоциялық дамуына ықпал етеді. Зерттеу барысында 4-5 жастағы балалар үшін асық ойыны жеңілдетілген нұсқада ұйымдастырылады, атап айтқанда:

- асықты белгілі бір қашықтықтан шеңберге дәл түсіру;
- түрлі түске боялған асықтарды ажырату және олардың белгілі бір тәртіппен жинақтау;
- асық арқылы санау, түстерді тану және ажырату жаттығулары.

Бұл ойын түрлері балалардың ұсақ моторикасын дамытумен қатар, зейінін тұрақтандырып, есте сақтау қабілетін жетілдіреді. Сонымен бірге, ойын барысында балалар:

- ережені сақтау;
- кезек күту;
- әділдік пен ынтымақтылықты таныту дағдыларын меңгереді.

Осының барлығы олардың әлеуметтік-эмоциялық метадағдыларының дамуына жағдай жасайды.

Асық ойыны балалардың метадағдыларын дамыту үшін білім беру әдістері, оның ішінде оқыту әдістері мен оларды жүзеге асыратын әдістемелік тәсілдер дұрыс жүзеге асырылуы керек. «Әдістемелік тәсіл» дегеніміз не?

Негізінен «әдістемелік тәсіл - оқыту үдерісіндегі мұғалім мен оқушының жекелеген әрекеттерін көрсететін қандай-да бір әдістің элементі» деп қарастырылады. Ол туралы бірқатар анықтамаларды келдіруге болады:

- бұл элемент - оқыту әдісінің бөлшегі, оның құрамдас бөлігі немесе нақты әдісті қолдану кезінде орындалатын дербес қадам [17];
- оқытушы мен білім алушының оқыту және үйрету процесіндегі нақты іс-әрекеттерін білдіретін әдіс элементі [18];
- оқыту әдісінің құрамдас бөлігі белгілі бір тәрбиелік немесе ұйымдастырушылық міндетті шешуге ықпал етеді [19], т.с.с.

Сонымен, әдістемелік тәсілді оқыту әдістерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдіс құраушылары ретінде тануға болады. Оқыту әдістерінің жүзеге асырылуы бойынша әдістемелік тәсілдер ажыратылады. Оларды негізінен: техникалық тәсілдер және логикалық тәсілдер деген түрлері әдістемелік әдебиеттерде кеңінен қолданылады.

Оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдерді оңтайлы таңдаудың теориялық және практикалық қырларына көптеген зерттеушілер (А.Н. Алексюк, Ю.К. Бабанский, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Р.Қоянбаев, С.Бабаев және басқа да ғалымдар) назар аударып, зерттеу еңбектерін жазған.

Зерттеулерге сәйкес әдістемелік тәсілдерді: ұйымдастырушылық, техникалық және логикалық тәсілдер деп те ажырату қолданылады.

**Нәтижелер.** Жүргізілген зерттеу нәтижелерін зерделеу, талдау негізінде біздер ұлттық ойын – асық ойынында балалардың метадағдыларын дамытудың төмендегідей әдістемелік тәсілдері жүзеге асырылған дұрыс деп білеміз (1-кесте).

1-кесте. Оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдердің үйлесімділігі

<i>Әдістер мен әдістемелік тәсілдер</i>		
<i>Ұйымдастырушы тәсілдер</i>	<i>Техникалық тәсілдер</i>	<i>Логикалық тәсілдер</i>
<i>Сөздік (ауызша) әдіс</i>		
- Балалардың ойынға (ұйымдас-тырылатын іс-әрекетке) дайын-дықтарын тексеру; - Ойынның барысы барысы мен ретін түсіндіру; - Қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық беру; - Жеке немесе топтық жұмысты анықтау	- Балаларды ойын ережесіне сәйкес бөлу; - Тәрбиешінің тапсырмалар мен әрекеттерді дұрыс орындау жолын көрсетуі.	- Ойынды және оның мақсатын түсіндіру; - Ойын барысындағы мағлұматтарды еске түсіру; - Жаңа ойын туралы баяндау; - Сызба, нұсқау карталарын талдау; - Ойын қорытындысын шығару
<i>Көрнекілік әдісі</i>		
- Технологиялық, нұсқау карталарды, асық үлгілерін, т.б. көрсету	- Тәрбиешінің ойын тәсілдерін көрсетуі; - Презентация қолдану	- Ойын барысын бақылау; - Технологиялық (нұсқау) картамен салыстыру; - Қорытынды жасау және жалпылау
<i>Практикалық (ойын) әдіс</i>		
- Ойын ойнау үшін тапсырмалар мен материалдарды дайындау және тарату; - Бақылау тапсырмаларын беру	- Нұсқаулық-технологиялық карталармен жұмыс; - Ойнау реттілігін менгеру; - Ойын барысын үлгімен салыстыру	- Өзіндік бақылау мен өзара бақылауды ұйымдастыру; - Ойын барысын талдау және қорытынды жасау

Кесте көрсетілген әдістерге сәйкес әдістемелік тәсілдердің жүзеге асырылуы балалардың метадағдыларын дамытуда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық және зерттеу еңбектерін зерделеу негізінде балалардың метадағдыларын қалыптастыру үшін бағалау тәсілдерінің жалпы ұсынымдарын басшылыққа алу қажет. Олардың негізгі сипатты ерекшеліктері бойынша төмендегідей алуға болады:

1. Бағалау түрлері: байқау (табиғи жағдайда), құрылымдық тапсырмалар (тестілік/ойын тапсырмалары), тәрбиешінің рейтинг-жапсырмасы және ата-аналардан сауалнама.

2. Әрбір көрсеткіш үшін 0-2 немесе 0-3 шкаласын қолдану ыңғайлы, себебі 4-5 жастағы балалар үшін оңай, қолдануға ыңғайлы және интерпретациясы айқын.

3. Бір көрсеткішті бағалау үшін міндетті түрде бірнеше бағалау көдерін (байқау + тапсырманы орындау + тәрбиешінің бағасы) қолданған дұрыс, әрі сенімділік артады.

4. Мәліметтерді жинау: әрбір бала кемінде 2-3 байқау кезеңінде бағаланады, орташа мәндер бойынша қорытынды шығарылады.

Жалпы біздер жоғарыда метадағдылар туралы айтып өттік, десекте мектепке дейінгі білім беру мекемелері үшін барлық метадағдыларды алу мүмкін емес және олардың көбісі бойынша бағалау қиындық тудырады. Зерттеу жұмысына байланысты негізгі 4 метадағды назарға алынады және олар бойынша ғылыми еңбектерге сәйкес төмендегідей түсінік беріледі.

1. *Зейін тұрақтылығы* (Attention stability). Бұл 4-5 жастағы баланың тапсырмаға назарын белгілі бір уақыт бойы ұстай білуі; сыртқы кедергілерге қарамастан негізгі әрекетті жалғастыра алу қабілеті. Асық ойынында баланың негізгі назарын нысанаға (асыққа) бағыттап, ұзақ уақыт

бойын шоғырландыру қажет. Бұл дағды баланың тапсырманы орындау барысындағы үзіліссіз назарын, сыртқы кедергілерге қарамастан жалғастыра алуын сипаттайды.

Асық ойыны кезінде баланың зейін тұрақтылығын бағалау үшін мынадай көрсеткіштерді басшылыққа алуға болады:

- нсанаға (асыққа) назар аудару уақыты (секунд/минут);
- алғашқы бағыттау жылдамдығы (реакция уақыты);
- кедергілер кезінде назарды қайта шоғырландыру жиілігі;
- нұсқауды сақтап, тапсырманы толық орындау деңгейі.

Балалардың тапсырмаларды орындау барысындағы үлгілерінің көріністері:

- «Нысана асығын дәл көздеп ату» - назар шоғырлану уақыты өшенеді;
- «Қатарға қойылған бірнеше асықтың ішінен белгілі бір түсті ату» - зейінді бөлу және сақтау деңгейін бағалау;

- фондық кедергі кезінде ойынды жалғастыру - баланың назарын қайта бағыттау қабілеті.

*Асық ойыны барысында орындалған әрекеттерді бағалауда бағалау рубрикасы (0-3)* қолданылады, олардың реті төмендегідей болуы мүмкін:

- 0 - назар тұрақсыз, асыққа шоғырланбайды;
- 1 - назар қысқа мерзімді, тапсырманы жартылай орындайды;
- 2 - назар аудару қалыпты, 1-2 минут бойы үзіліссіз сақтайды;
- 3 - назар аударуы тұрақты, тапсырманы толық әрі мақсатты орындайды.

Зерттеу жұмысында алынған метадағдының екіншісі – есте сақтау.

2. *Есте сақтау* (Memory). Бұл баланың ойындағы ережелерді, асықтардың орналасу орнын немесе ойын ретін қысқа мерзімде есте сақтап, қайта жаңғырта алу қабілеті.

Асық ойыны барысында есте сақтауда бағаланатын көрсеткіштерге қатыстылары:

- ережені есте сақтау және қолдану;
- асықтардың орналасуын есінде сақтау;
- ойын кезегін, әрекет ретінде сақтау;
- еске түсірудің дәлдігі (қателік/дұрыстық деңгейі).

Асық ойнау бойынша орындау үлгілері (мысалдары) төмендегідей болуы мүмкін:

- 3 асықтың орнын есте сақтап, кейін көрсетіп беру;
- ойын ережесін қайталап айту;
- қай асықты бірінші, қайсысын кейін ату керек? тәртібін сақтау керек.

*Асық ойыны барысында басшылыққа алынатын бағалау рубрикасы (0-3):*

- 0 - еске сақтау алмайды;
- 1 - 1-2 элементті ғана есте сақтайды;
- 2 - 3 элементті дұрыс қайтара алады;
- 3 - барлық элементті дәл еске түсіреді.

Асық ойыны кезінде қалыптастырылуы және бағалануы тиіс үшінші құраушы – логикалық ойлау.

3. *Логикалық ойлау* (Logical thinking). Асық ойыны барысында тиімді шешім қабылдау, салыстыру, себеп-салдар байланысын түсіну қабілеті.

Логикалық ойлауды асық ойыны барысында бағалау үшін басшылыққа алатын көрсеткіштер:

- тиімді нысананы таңдау қабілеті;
- қарапайым логикалық тапсырмаларды шешу;
- себеп-салдарлық байланысты түсіндіру;
- ойын қадамдарының ретін жоспарлау.

Ойын барысында тапсырмаларды орындау мысалдары:

- қай асықты атсаң, басқалары қозғалады? - логикалық болжам жасау;
- ойын жағдайында қайсысы тиімді? - шешім қабылдау тапсырмасы;
- асықты белгілі бір реттілікпен орналастыру – жоспарлау әрекеті.

*Логикалық ойлауды бағалаудағы бағалау рубрикасы (0-3):*

- 0 - логикалық байланыс орнапайды;
- 1 - тапсырмаларды жартылай орындайды, түсіндіріп бере алмайды;
- 2 - қарапайым логикалық шешімдерді орындайды;
- 3 - дұрыс жоспарлап, себеп-салдарды айқын түсіндіреді.

Келесі қалыптастырылатын және бағаланатын құраушы - әлеуметтік өзара әрекеттестік (Social interaction).

4. *Әлеуметтік өзара әрекеттестік (Social interaction)*. Бұл асық ойынында басқа балалармен қарым-қатынас орнатып, ортақ ережені сақтап, кезек күтіп ойнау, бір-біріне көмектесу қабілеті.

Аталған әлеуметтік өзара әрекеттестікті бағалау көрсеткіштері ретінде алынатыны:

- кезек күтуді меңгеруі;
- ережені сақтау деңгейі;
- қақтығыс кезіндегі эмоцияны реттеу;
- топтық ойынға бейімділігі.

Асық ойыны барысындағы тапсырмаларды орындау үлгілері (мысалдары):

- «Кезекпен ату» ойынында баланың тәртібін бақылау;
- «Жеңілген жағдайда эмоциялық жауап беруін» бағалау;
- «Жолдасына көмектесу» әрекеттерін бақылау.

*Әлеуметтік өзара әрекеттестікті бағалаудағы бағалау рубрикасы (0-3):*

- 0 - ережені сақтамайды, қақтығыс тудырады;
- 1 - кейде ережені бұзады, көбіне жеке әрекет етеді;
- 2 - ынтымақтастық танытады, бірақ эмоциясын толық реттемейді;
- 3 - белсенді топ мүшесі, ережені сақтап, көмектеседі.

Жүргізілген зерттеуге сәйкес әрбір көрсеткіш бойынша орташа 2 және одан жоғары балл жинаған балалардың метадағдылары жеткілікті деңгейде қалыптасқан деп бағаланды. Ал 2-ден төмен көрсеткіштері бар балалар үшін қосымша жаттығулар мен қолдау қажет.

Балалардың асық ойнау бойынша метадағдыларын бағалау үшін бақылау парағы әзірленіп дұрыс болады. Индикатор 0-3 шкаласына сай бағалау жүргізілгені абзал.

1. Зейін тұрақтылығы – тапсырмаға назарды қанша уақыт ұстай алды? (шоғырландырды?) (0-3)

2. Есте сақтау (вербалды) – сөз тізімінен дұрыс қанша сөз қайталанды? (0-3)

3. Есте сақтау (визуалды) – көрсетілген суреттерден не есінде қалды? (0-3)

4. Логикалық ойлау – қайсысы сәйкес емес, тапсырмасын шеше алды ма? (0-3)

5. Әлеуметтік өзара әрекеттестік – ойын барысында бөлісті/көмектесті ме? (0-3)

6. Қорытынды орташа балл – (барлық көрсеткіштердің қосындысы)/(көрсеткіштер саны).

Сонымен қатар,

- әрбір көрсеткіштің нақты тапсырмаларын жазып, нұсқаулықтарды стандарттау дұрыс болады, яғни «Вербалды есте сақтау: 3 әрекетті айту – 30 сек кейін қайталау»;

- бағалаушылар арасында үйлесімді арттыру үшін алдын ала 5-10 бақылау балада «калибрлеу» жасау;

- нәтижелерді салыстырмалы түрде көрсету үшін бастапқы/қалыптастырушы/қорытынды мәндерді орташа балл түрінде сауқтау (мысалы 0-100 шкаласына айналдыру арқылы);

- когнитивтік тапсырмалар тіл деңгейіне тәуелді, сондықтан тіл кемістігі бар балалар үшін бейнелі/қозғалысқа негізделген тапсырмаларды көбейту.

Зерттеу барысында әдістемелік тәсілдердің мәні анықталды, олардың кейбіреуі төмендегідей: талдау, сәйкес қою, салыстыру, ерекшеліктерді анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жүйелеу, талдап қорыту. Әдістемелік тәсілдер ойын барысында педагогикалық тапсырмалар түрі мен мазмұны арқылы ғана нәтижелі жүзеге асырылады және күтілетін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбына сәйкес аталған төрт метадағдыны дамыту үшін арнайы кесте арқылы әдістемелік тәсілге сәйкес тапсырмалар үлгісі мен дамытылатын қабілеттерді немесе сапалық қасиеттерді көрсетуге болады (2-кесте).

2-кесте. Метадағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар (асық ойыны негізінде)

№	Метадағды түрлері	Тапсырма үлгілері	Дамытылатын қабілет
1	Зейін тұрақтылығы	Балаларға түрлі асықтар беріледі. Тәрбиеші: «Қызыл асықты ғана жина!» немесе «Сары асықты ғана соқ» деп нұсқау береді.	Бір нысанға назарды ұзақ уақыт шоғырландыру, нұсқауды орындау, артық алаңдатушылардан бөліну.
2	Есте сақтау	3-4 асық белгілі бір ретпен қойылады (қызы – көк - жасыл). Балалар қарап алған соң асықтар араластырылып қойылады. Балалардың міндеті – бастапқы ретпен орналастыру.	Қысқа мерзімді есте сақтау, көру, арқылы есте сақтау, ақпаратты қайта жаңғырту.
3	Логикалық ойлау	- Асықтардың көлеміне (үлкен-кіші), түсіне (қызыл-көк-жасыл) немесе пішініне қарай топтастыру. - «Қайсы асық артық? Ойыны: төрт асықтың үшеуі бір түсті, біреуі бөлек.	Салыстыру, жіктеу, жалпылау, себеп-салдарлық байланысты анықтау.
4	Әлеуметтік өзара әрекеттестік	- Жұппен немесе шағын топпен асық ойнау: кезек күту, бірін-бірі қолдау, жеңгенді құттықтау. - «Бірге жинайық» ойыны: барлық асықты ортақ ыдысқа бірге салу.	Ынтымақтастық, эмпатия, әлеуметтік ережелерді сақтау, қарым-қатынас жасау.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында алынған нәтижелер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қарастырылды. Эксперимент жұмыстары бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылды және әрбір кезеңдегі деректер салыстырылып талданды.

Алынған мәліметтер балалардың бастапқы дайындық деңгейінде айқын айырмашылықтар бар екендігін көрсетті. Қалыптастырушы кезеңде арнайы енгізілген әдістемелік тәсілдер мен педагогикалық технологиялар балалардың танымдық белсенділігіне, дене дайындығына және әлеуметтік дағдыларына оң ықпал етті.

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Құзыреттіліктің артуы – балалардың теориялық білім қоры кеңейіп, практикалық тапсырмаларды орындау сапасы жақсарды;

2. Әлеуметтік бейімделу дағдыларының дамуы – топтық жұмысқа қатысу белсенділігі артты, өзара қарым-қатынас мәдениеті нығайды;

3. Дене дайындығы көрсеткіштері – тәжірибелік жаттығулар нәтижесінде төзімділік, икемділік және қозғалыс координациясы деңгейі жоғарылады.

4. Инновациялық әдістердің тиімділігі – қолданылған цифрлық құралдар мен заманауи оқыту технологиялары білім алушылардың қызығушылығын күшейтіп, оқу процесінің сапасын арттырды.

Қорытынды кезеңдегі бақылау нәтижелері бастапқы көрсеткіштермен салыстырғанда едәуір жоғарылағаны байқалады. Бұл өз кезегінде зерттеу барысында қолданылған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәйектейді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қойылған ғылыми болжамның расталғанын және тағдалған әдістемелік тәсілдердің білім беру тәжірибесінде қолдануға болатындығын көрсетеді.

**Талқылау.** Зерттеу жұмысына мектепке дейінгі ұйымдардың даярлық топтарына қатысатын 4-5 жастағы 40 бала тартылды. Балалар екі топқа бөлінді, олар:

- бақылау тобы – дәстүрлі бағдарлама бойынша жұмыс жасады;

- эксперименттік топ – оқу-тәрбие үдерісінде қазақтың ұлттық ойындары жүйелі түрде енгізілді.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында алынған деректердің қазіргі ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдармен салыстыру маңызды болып табылады. Эксперименттік жұмыстардың қорытындылары балалардың құзыреттілігін арттыруда қолданылған әдістемелік тәсілдердің тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер педагогикалық тәжірибеде кеңінен қарастырылған еңбектердегі (А.Кұдайбергенова, Н.Назарбаева, J.Dewey [20], Л.Выготский [21], т.б.) идеялармен сәйкес келеді. Мәселен, Л.Выготский әлеуметтік-мәдени теориясында көрсетілгендей, оқу процесіндегі бірлескен әрекет білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен танымдық белсенділігін арттырады. Зерттеу барысында байқалған топтық жұмысқа бейімділіктің өсуі осы теориялық қағидаларды нақтылай түседі.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер Дж.Дьюидің тәжірибелік оқыту тұжырымдамасына сәйкес келеді. Экспериментте қолданылған практикалық әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып ғана қоймай, олардың тәржірибе арқылы білімді меңгеруін қамтамасыз етті. Бұл өз кезегінде дене дайындығы көрсеткіштерінің жоғарылауына ықпал етті.

Білім беру саласындағы заманауи зерттеулерде (мысалы, цифрлық құралдарды қолдану тиімділігі жөніндегі еңбектерде) оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізудің оң әсері ерекше атап өтіледі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері де осы бағыттағы ғылыми қорытындыларды қуаттайды. Балалардың қызығушылығы мен мотивациясының артуы – цифрлық ресурстарды қолданудың практикалық тиімділігінің айғағы.

Эксперименттің қорытынды кезеңінде байқалған құзыреттілік деңгейінің жоғарылауы ғылыми болжамның расталғанын көрсетеді. Дегенмен де, кейбір балаларда көрсеткіштердің әркелкілігі байқалады. Бұл жағдай оқу процесіндегі тұлғалық ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін көрсетеді. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін эксперимент нәтижелеріне сүйенуге болады.

Жүргізілген зерттеуге сәйкес бақылау тобының метадағдыларының өсуі бойынша мәліметтерді 3-кестеден көруге болады.

3-кесте. Бақылау (n=20) тобының нәтижелері

Метадағдылар	Бастапқы (орташа)	Қалыптастырушы (орташа)	Қорытынды (орташа)	Бастапқы→ Қорытынды өсім (%)
Зейін тұрақтылығы	60.00	62.70	65.40	9.00
Есте сақтау	58.00	60.32	62.64	8.00
Логикалық ойлау	55.00	57.75	60.50	10.00
Әлеуметтік өзара әрекеттестік	62.00	64.79	67.58	9.00

Эксперимент тобындағы мәліметтердің өзгерісін 4-кестеден көруге болады.

4-кесте. Эксперимент (n=20) тобының нәтижелері

Метадағдылар	Бастапқы (орташа)	Қалыптастырушы (орташа)	Қорытынды (орташа)	Бастапқы→ Қорытынды өсім (%)
Зейін тұрақтылығы	61.00	69.54	78.08	28.00
Есте сақтау	59.00	66.38	73.75	25.00
Логикалық ойлау	54.00	62.10	70.20	30.00
Әлеуметтік өзара әрекеттестік	61.00	69.23	77.47	27.00

Бақылау және эксперимент топтарындағы мәліметтер өзгерісіне түсініктер беруге болады.

1. Бастапқы кезең (baseline). Алғашқы бағалау көрсеткіштері екі топта да салыстырмалы деңгейде (мысалы, бақылау мен эксперимент топтары үшін орташа 55–62 аралығы). Бұл кезең зерттеу топтарының бастапқы теңестірілуін дәлелдейді.

2. Қалыптастырушы кезең. Ұлттық ойындарды жүйелі қолданудың алғашқы әсері қалыптастырушы кезеңде байқалады: эксперимент тобының барлық метадағдылар бойынша орташа көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары. Бұл кезең әдістеме тиімділігінің алғашқы сигналын береді.

3. Қорытынды кезең. 12 апта (немесе белгіленген соңғы мерзім) нәтижесінде эксперимент тобының көрсеткіштері бастапқыға қарағанда едәуір өсті: зейін, есте сақтау, логикалық ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттестік бойынша өсімдер тиісінше 25–30% аралығында, ал бақылау тобында орташа өсімдер 8–10% деңгейінде қалды.


4. Нәтижелердің мағынасы. Бұл айырмашылық ұлттық ойындарды (әсіресе асық) жүйелі қолданудың метадағдыларды дамытуға едәуір ықпал ететіндігін көрсетеді.

Төменде ұсынылған кесте (5-кесте) мен диаграмма (1-сурет) 4-5 жастағы балалардың метадағдыларының қазақтың ұлттық ойыны – асық ойынын дұрыс жүзеге асырылған әдістемелік тәсілдер арқылы дамуын көрсетеді. Бақылау тобы дәстүрлі әдістемемен, ал эксперимент тобы ұлттық ойындар барысында арнайы әдістемемен жүзеге асырылды.

5-кесте. Эксперимент нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Метадағдылар	Бақылау тобы (өсім %)	Эксперимент тобы (өсім %)
Зейін тұрақтылығы	9	28
Есте сақтау	8	25
Логикалық ойлау	10	30
Әлеуметтік өзара әрекеттестік	9	27

Метадағдылардың даму көрсеткіштері



1-сурет. Метадағдылардың даму көрсеткіші

5-кесте мен 1-суретте көрсетілгендей диаграмма мәліметтеріне сәйкес эксперимент тобының көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары. Бұл ұлттық ойындарды, әсіресе асық ойынын қолдану арқылы балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы және әлеуметтік өзара әрекеттестігі тиімді дамитынын дәйектейді.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақтың ұлттық ойындары, соның ішінде асық ойыны, 4-5 жастағы балалардың метадағдыларын дамытуда тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетті. Арнайы әзірленген әдістеме арқылы балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлау және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары айтарлықтай жақсарды.

Эксперимент нәтижелерін талдау ұлттық ойындарды мектепке дейінгі білім беру мазмұнына

жүйелі түрде енгізудің ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан негізделгенін дәлелдейді. Бұл тәсіл балалардың жан-жақты дамуына, танымдық белсенділігінің артуына және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететіні анықталды.

Сонымен қатар, ұлттық ойындарды қолдану жас ұрпақтың мәдени-рухани құндылықтарға жақындауына, ұлттық дәстүрді сақтап, жалғастыруына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған әдістеме мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесінде қолданысқа енгізуге лайықты деп саналады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Құнанбаева С.С. Қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсіл. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 250 б.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1991. – 320 б.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
4. Большой толковый словарь русского языка, гл. ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: Норит, - 1998. – 1536 с.
5. Минделл Э. Психотерапия как духовная практика. Пер.с англ. И. Ил. Романенко. – Независимая фирма «Класс». 1997. – с.20
6. Даниленко Л.П. Метанавыки и метакомпетенции как учебные стратегии образовательного процесса // Дневник науки. 2019, №4 [www.dnevniknauki.ru](http://www.dnevniknauki.ru)
7. Жумадиллаева О.А. Психолого – педагогические особенности развития творческой одаренности у детей дошкольного возраста: дис. ... канд.пед.наук. - Алматы,1998. – 140 с.
8. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. М.:Международная педагогическая академия.1994. –680 с.
9. Selman R. The development of interpersonal understanding: Social perspective taking. - New York: Academic Press, 1980. - 204 p.
10. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991. – 192 б.
11. Қалиев С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Рауан, 1996. – 144 б.
12. Ұлттық ойындарды оқу үрдісінде қолдануға арналған - әдістемелік құрал : оқу әдістемелік құрал / ; Ә. Қ. Ахметов, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті... – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2008. - 88 б.
13. Қазақ ұлттық ойыны асықтан жарыс өткізу және ұйымдастыру [Text]: (әдістемелік құрал) / [авт.-құраст. К.Т. Қакашев]. – 1-шығ. .. – Қостанай, 2010. - 52 б.
14. Ақажанова А. Қазақтың ұлттық ойындары және этнопедагогика. – Алматы: Білім, 2016.
15. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991. – 192 б
16. [https://admin.bkogov.kz/sites\\_files/mektep-18bilimoralgov.edu.kz/bilimsad/2021-2022/oku%20adis/1723545668\\_%D0%B0%D1%81%D1%8B%D2%9B%20%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%8B%2021-22.pdf](https://admin.bkogov.kz/sites_files/mektep-18bilimoralgov.edu.kz/bilimsad/2021-2022/oku%20adis/1723545668_%D0%B0%D1%81%D1%8B%D2%9B%20%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%8B%2021-22.pdf)
17. Академический словарь [Электронное издание] / Навыки XXI века. Международный методический центр академия педагогического мастерства. Режим доступа: <http://www.akadem.irooo.ru/metodicheskie-resursy/akademicheskij-slovar>
18. Верзилин Н.М. Основы методики преподавания ботаники / Н.М. Верзилин. – Москва: Изд-во Акад. пед. наук РСФСР, 1955. – 820 с
19. Воронникова А.И. Педагогический словарь-справочник: учебно-методическое пособие для студентов, магистрантов, аспирантов и педагогов / А.И. Воронникова, Т.Л. Кремнева. – Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2017. – Ч. 1. – 73 с.
20. Dewey J. Experience and Education. – New York: Collier Books, 1998.
21. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991. – 93 с.

*Reference:*

1. Құнанбаева С.С. Қазына білімі бері қозғалтқызу күзетшілік кәсіпі. - Алматы:Қазақ ынiversiteti, 2010. – 250 б.
2. Қалиев С. қазақ etnopedagogikasyның teorialyq negizderi men tarihy. - Алматы: Rayan, 1991. – 320 б.
3. Jaryqbaev Q., Qaliev S. Qazaq tálim-tárbiesi. - Алматы: Sanat, 1995. – 352 б.
4. Orys tiliniń úlken túsinirme sózdigi, ch. red. S. A. Kýznesov. - Sankt-Peterbýrg.: Norit, - 1998. – 1536 B.
5. Mindell E. Psihoterapia rýham tájiribe retinde. Ágylshyn tilinen. I.II. Romanenko. - "Klass" táyelsiz firmasy. 1997. – B. 20
6. Danilenko L. P. bilim berý prosesiniń oqý strategiasy retindegi Meta-Daǵdylar men metakompetenstalar // ǵylym kúndeligi. 2019, №4 [www.dnevniknauki.ru](http://www.dnevniknauki.ru)
7. Jumadillaeva O.A. mektep jasynda deingi balalardaǵy shyǵarmashylyq daryndylyqty damytýdyń psihologialyq – pedagogikalыq ereksheликтери: dis. ... kand.ped.ǵylymdar. - Алматы, 1998. – 140 б.
8. Piaje Dj. tańdalǵan psihologialyq eńbeker. M.: Halyqaralyq pedagogikalыq akademiya. 1994. - 680 B.
9. Selman R. The development of interpersonal understanding: Social perspective taking. - New York: Academic Press, 1980. - 204 p.

10. Saғындықов Е. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары*. - Алматы: Raýan, 1991. – 192 б.
11. Qaliev S. *Halyq pedagogikasynyñ negizderi*. - Алматы: Raýan, 1996. – 144 б.
12. *Ulttyq ойынды оқы үдерisine qoldan jasalğan-ádilettilik quraly: oqy ádilettilik quraly/; Á. Q. Ahmetov, Qazaqstan Respyblikasy bilim jáne ғылым ministri; L. N. Gýmilev atyndagy Eýrazia ulttyq ýniversiteti...* - Astana: L. N. Gýmilev atyndagy EÝÝ, 2008. - 88 б.
13. *Qazaq ulttyq ойыны asyqtan jarys ótkizý jáne uymdastyry [Mátin]: (ádildik qural) / [avtor.- qurast. K. T. Kakashev]. - I-Shyғыs. ... - Qostanai, 2010. - 52 б.*
14. Aqajanova A. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары jáne etnopedagogika*. - Алматы: Bilim, 2016.
15. Saғындықов Е. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары*. - Алматы: Raýan, 1991. – 192 б
16. [https://admin.bkogov.kz/sites\\_files/mektep-18bilimoralgov.edu.kz/bilimsad/2021-2022/oku%20adis/1723545668\\_%D0%B0%D1%81%D1%8B%D2%9B%20%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%8B%2021-22.pdf](https://admin.bkogov.kz/sites_files/mektep-18bilimoralgov.edu.kz/bilimsad/2021-2022/oku%20adis/1723545668_%D0%B0%D1%81%D1%8B%D2%9B%20%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%8B%2021-22.pdf)
17. *Akademalyq sózdik [elektronдық basylym] / HHI ғасырдағы Daғдылар. Pedagogikalyq sheberlik akademiasy halyqaralyq ádistemelik ortalyғы. Kirý rejumi: <http://www.akadem.irooo.ru/metodicheskie-resursy/akademicheskij-slovar>*
18. Verzuln N.M. *botanikany oqytý ádistemesiniñ negizderi / N. M. Verzuln. - Máskey: akad baspasy. ped. RSFSR ғылымдары, 1955. – 820 s*
19. Vorotnikova A.I. *pedagogikalyq sózdik-anyqtamalyq: stýdentterge, magistranttarға, aspiranttar men pedagogtarға arnalğan oqy-ádistemelik qural / A.I. Vorotnikova, T. L. Kremneva. - Máskey; Berlin: Tikelei Media, 2017. - 1-bólim. - 73 b.*
20. Dewey J. *Experience and Education*. – New York: Collier Books, 1998.
21. Vygotsku I.S. *Balalyq shaqtaғы qual men shyғarmashylyq. – M., 1991. - 93 б.*

FTAXP 14.25.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.038>

Н.И.Джанбырбаева<sup>1\*</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылған. Ол үшін зерттеу мәселесінің өзектілігі нормативтік құжаттарға сүйене отырып айқындалып, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-педагогикалық, психологиялық еңбектерге шолу жасалып, әлеуметтік дағдыны дамыту мәселесінің қарастырылу жайы талданған. Соның негізінде «әлеуметтік дағды» ұғымына контент талдау ұсынылған. Жалпы әлеуметтік дағдыны құраушы дағдылар тобының әрқайсысына қысқаша мәлімет ұсынылып, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығы нақтыланған. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері белгіленген. Эксперименттік жұмыс кезендері жүйелілікпен баяндалған. Анықтаушы эксперименттік кезеңде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының қалыптасу деңгейлері диагностикалық әдістемелер арқылы анықталып, оның жақсартуды қажет ететіндей деңгейде болуына орай қалыптастырушы эксперименттік кезең жоспары құрылған және оның жүру барысы түсіндірілген. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсыныстар әзірленген. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесі практикалық мәнділікке ие болуы себепті құнды зерттеу тақырыбы деп білеміз.

**Түйін сөздер:** оқушы, әлеуметтік дағды, қарым-қатынас, эмоция, өзара әрекет, рефлексия, топтық жұмыс.